

ӘОЖ 338.24:657

САЛЫҚТЫҚ ЕСЕП САЯСАТЫ: ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ

Мамышев Асылбек Жолдасқалиұлы

mamyshev_azh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Экономика факультетінің 2 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы
Ғылыми жетекшісі – Молдашбаева Л.П.

Салықтар бұл - мемлекет бір жақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде қайтарымсыз және өтеусіз, тұрақты сипатта бюджетке төленетін төлемдер. Еліміздегі салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады, жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тыйым салынады. Қазақстанның салық жүйесі оның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты бірыңғай болып табылады.

Салықтар барлық елдерде олардың қоғамдық – экономикалық құрылысы мен саяси іс бағытына қарамастан ұлттық мемлекет кірістерінің негізгі көзі, ұлттық табысты қайта бөлудің басты қаржылық тетігі, мемлекеттің кірістерін және бюджеттің кірістерін қалыптастырудың шешуші көзі болып табылады.

Салықтар – тауарлы өндіріспен бірге, қоғамның топқа бөлінуінің және мемлекеттің пайда болуымен, оған әскер, сот, қызметкерлер ұстауға қаражаттың қажет болуынан пайда болды.

Салық саясаты — мемлекеттің экономикалық саясатының бір бөлігі. Салық негізін, мөлшерлемесін, жеңілдіктерін және шегерімдерін өзгерту жолымен іске асырылады. Салық

саясаты экономикаға мемлекеттің араласуы нәтижесінде мемлекеттік бюджетті қалыптастырады және жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) ауқымымен, экономиканың жеке секторларына салық шараларын қолдану дәрежесімен айқындалады. Мәселен, жеңілдіктер мен шегерімдердің болмашы көлемімен ұштастырылатын кең ауқымды салық негізі салық салудың біркелкі мөлшерде болуын қамтамасыз етіп, экономиканың жекеше секторына ресурстарды орналастыру үдерісіне мемлекеттің араласуы ауқымын төмендетеді. Салық саясаты дискрециялық (лауазымды адамның қайсыбір мәселені өз қалауынша шешуі) және бейдискрециялық негіздерге сүйенуі мүмкін. Дискрециялық негіз өзгеріп отыратын экономикалық жағдайға сәйкес салық заңнамасына түзетулер енгізуді: салық мөлшерлемесін өзгертуді, салық жеңілдіктерін енгізуді немесе алып тастауды, т. б. шараларды көздейді. Ол мемлекетке макроэкономикалық Ол мемлекетке макроэкономикалық тепе құралдарын кең көлемде таңдау мүмкіндігін береді. Алайда бұл мемлекеттің экономикалық үдерісті немесе жағдаятты танып-білуіне, шешім қабылдауына және ықпал етуіне теріс әсерін тигізеді. Бейдискрециялық салық саясаты негізінен орта мерзімдік циклді кезеңділікті реттеуге бағытталған реттеуіштер элементтері болып табылады. Саясаттың бұл түрінің негізі — жеке табыс салығында және корпорациялардың пайдасына салынатын салықта үдемелі табыс салығын салу: экономикалық өрлеу кезеңінде — шаруашылық субъектілерінің табысынан бюджетке алу нормасын курс, дағдарыс пен тұралау кезеңінде — осы норманы төмендету. Сөйтіп, өрлеу кезеңінде жиынтық сұранымның мөлшеріне тиісінше ықпал ету есебінен экономикалық өсу тежеледі және дағдарыс кезеңінде ынталандырылады. Бейдискрециялық салық саясатында жоғарыда аталған кешеуілдеулер не болмайды, бірақ мұнда мемлекеттің қолында реттеуші құралдардың саны аз бастау. Түрлі елдердің салық саясаты түрлі элементтердің ұштастырылуымен сипатталады: тікелей салықтар бөлігінде табыстарды өздігінен әнет жағдайларын жасау үшін үдемелі шекілдер пайдаланылады, жанама салықтар бөлігінде дискрец. саясат қолданылады. Инфляциялық үдерістер кезінде бейдискрециялық салық саясатының пәрменділігі төмен: табыстың ұдайы өсуіне қарай инфляция салдарынан салық салу нормасы иә ұдайы жоғарылап отырады. Қазақстанда жаңа салық жүйесі қатаң саяси, экономикалық және құрылымдық өзгерістер жағдайында қалыптасты. Салық жүйесінің өзгертілуі Салық кодексінде қарастырылған, ол, жалпы мемлекеттік мүдде мен жеке меншік мүдделерінің теңдестірілуін қамтамасыз ететін, кәсіпкерлікті дамытуға, инвестициялық қызметті жандандыруға, еліміздің ұлттық байлығын молайтуға, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға, салықтың санын азайтуға және жалпы салық ауыртпалығын азайтуға септігін тигізетін ұтымды салық жүйесін құру міндетін шешуге бағытталған.

Салық саясаты салық саласындағы жүргізіліп отырған іс-шаралар жүйесін білдіреді. Салық саясатының мазмұны мен мақсаттары қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты. Соған орай салық саясаты өзіне жүктелген төмендегі аталған міндеттерді орындайды:

- мемлекетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету;
- жалпы ел экономикасын жақсартуға және реттеуге жағдай жасау;
- нарықтық қатынастар жағдайында туындайтын халықтың табыстары арасындағы теңсіздікті барынша азайту;
- экономикалық заңдарға сәйкестендіру;
- нарықтық реформаларды тездетуге ықпал ететін шешімдерді салықтық
- қолдау және макроэкономикалық тұрақтандыру;
- салық салу базасы мен қаржы ресурстарын мобилизациялау көздерін, оның құрамы, құрылымы, өсуінің мүмкін резервтерін анықтау. Сонымен қатар, мұнда қаржы ресурстарының көлемі айқындалып, мемлекет пен шаруашылық субъектілердің табыстары арасындағы оптималды және баланстанған қатынас анықталады;
- экономиканың құрылымдық қайта құру процесстерін, оны жақсартудың басым бағыттарын дамытуды, экономиканы тұрақтындыру және оның тиімді дамуының негізін құруға ынталандыру;

- сәйкес нормативтік актілер түрінде мемлекеттің қаржы саясатын жүзеге асырудың салықтық механизмін жасап шығару.

Салық саясаты экономикалық реттеудің ең маңызды құралдарының бірі, экономиканы мемлекеттік реттеудің қаржы-несиелік негізі болып табылады. Мемлекет салық саясатын нарықтың теріс құбылыстарына әсер етудің белгілі бір реттеуші ретінде қолданады. Нарықтық қатынастар жағдайында салықтар мен салық саясаты экономиканы басқарудың қуатты құралы болып табылады. Бүкіл экономиканың тиімді қызмет етуі салық саясатының қаншалықты дұрыс жүргізілуіне байланысты.

Нақты мәселелер мен мақсат-міндеттерді шешуде салық саясатының көпқырлылығы мен кең ауқымы: бағалар, несиеге деген проценттік ставкалары, жалақы деңгейі және т.б. секілді экономиканы басқарудың басқа да элементтерімен тығыз байланысын қалыптастырып, салықтарды маңызды жалпыэкономикалық категориялардың қатарына қояды.

Салық саясаты негізгі үш типке бөлінеді:

Бірінші тип – максималды салықтар саясаты. Бірақ мұндай саясатта салықтардың жоғарылауы кәсіпкерлік қызметке деген мотивацияны төмендетіп, мемлекеттік табыстардың күтіліп отырған өсімін бермейді. ЖІӨ-дегі салықтардың шекті ставкасы көптеген факторларға байланысты. Шетелдік ғалымдардың еңбектерінде салық ставкасы ЖІӨ-нің 50% аспауы қажет деген қорытынды жасалады.

Екінші типі – оптималды салықтар саясаты. Ол қолайлы салықтық жағдай туғыза отырып, кәсіпкерлік пен шағын бизнестің дамуын қамтамасыз етеді. Кәсіпкерлікке салық салуды максималды азайту әлеуметтік бағдарламаларды шектеуге алып келеді, себебі мемлекеттік кірістер қысқарып кетеді.

Үшінші тип – салық салудың жоғары деңгейін көздейтін, бірақ едәуір мемлекеттік әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін саясат. Бюджеттің кірістері әртүрлі әлеуметтік қорларды ұлғайтуға бағытталады.

Әдетте, тиімді экономикада салық саясаттарының барлық типтері табысты түрде үйлестіріледі.

Салық саясаты мен салық механизмі көрнекті ірі экономистермен жасалып шығарылады. Оның дұрыстығы практикамен тексеріледі. Егер салық саясаты қолдау таппаса және оны жүзеге асыру теріс нәтижелер әкелетін болса, онда оны жаңасымен ауыстырады.

Сонымен, барлық мемлекеттерде салық саясатының ғылыми негізделген теориялық зерттеулері мен тиімді және әділетті салық салу әдістемелері практикалық ізденістері жүріп жатыр. Бұл мақсаттарға жету үшін бірінші кезекте салық салу теориясын білу керек.

Қазақстан Республикасының Салық Кодесіне сәйкес барлық ұйымдар мен кәсіпорындар салықтар бойынша бюджетпен есеп айырысу есебін және салықтық есептіліктерін жүргізу үшін тиісті тіркелген жерлері бойынша салықтық есепке тұрып, есеп-салық саясатын құруға тиісті.

Салықтық есепке алу – салық салу объектілері және салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қорыту және жүйелеу, сондай-ақ салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және салық есептілігін жасау мақсатында салық төлеушінің Салық Кодексінің талаптарына сәйкес есепке алу құжаттамасын жүргізу процесі.

Жиынтық салықтық есепке алу – бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың уәкілетті өкілі осындай қызмет бойынша жиынтық түрінде де және бірлескен қызмет туралы шартқа әрбір қатысушының қатысу үлесі бойынша да жүзеге асыратын салықтық есепке алу.

Салықтық есепке алу бухгалтерлік есеп деректеріне негізделеді. Бухгалтерлік құжаттаманы жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленеді.

Салықтық есепке алу саясаты – салық төлеуші қабылдаған, Салық Кодексінің талаптарын сақтай отырып, салықтық есепке алуды жүргізу тәртібін белгілейтін құжат.

Салықтық есепке алу саясаты халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес әзірленген есепке алу саясатына жеке бөлім түрінде енгізілуі мүмкін.

Салықтық есепке алу құжаттамасы мыналардан тұрады:

1) Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамалық актіге сәйкес оны жүргізу бойынша міндеттеме жүктелген тұлғалар үшін - бухгалтерлік құжаттамалардан;

2) Салықтық нысандардан;

3) Салықтық есепке алу саясатын;

4) Салық салу объектілерін және салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін, сондай-ақ салық міндеттемесін есептеу үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттарды қамтиды.

Салық төлеуші ҚР-ның Салық Кодесінде белгіленген тәртіппен және шарттарда есептеу әдісі бойынша салықтық есепке алуды жүргізуді жүзеге асырады.

Есептеу әдісі – есепке алу әдісі, оған сәйкес табыстар мен шығыстар, төленген уақытына қарамастан, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды өткізу мақсатында тиіп жіберу және мүлікті кіріске алу кезінен бастап есептеледі.

Салық төлеуші салық кезеңінің қорытындылары бойынша салықтық есепке алу негізінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді анықтайды, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептейді.

Салықтық есепке алу саясатында мынадай ережелер белгіленуге тиіс:

1) Салық төлеуші (салық агенті) дербес әзірлеген салық тіркелімдерінің нысандары мен жасалу тәртібі;

2) Стандарттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен эконо-микалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің тізбесі;

3) Салықтық есепке алу саясатының сақталуына жауапты адамдар лауазымдарының атауы;

4) Бөлек салықтық есепке алудың жүргізілу тәртібі;

5) Корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатына орай шығыстарды шегерімге жатқызудың, сондай-ақ қосылған құн салығын есепке жатқызудың әдістері;

6) Қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын резидент заңды шот-фактураларды нөмірлегенде пайдаланылатын осындай құрылымдық бөлімшелердің әрқайсысының коды.

Салық есептілігін жүргізу үшін әрбір салық төлеуші заңды тұлға тиісті салықтық нысандарды қолдануы қажет.

Салықтық нысандар салық есептілігін, салықтық өтінішті және салық тіркелімдерін қамтиды. Салық төлеуші салықтық нысандарды қағаз және электрондық жеткізгіштерде қазақ және (немесе) орыс тілінде жасайды.

Қағаз жеткізгіште жасалған салықтық нысандарға салық төлеуші не оның өкілі қол қоюға, сондай-ақ олар салық төлеушінің оның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар өкілінің мөрімен куәландырылуға тиіс.

Салық тіркелімдерін қоспағанда, электрондық жеткізгіште жасалған салықтық нысандар салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылуға тиіс.

Сонымен, салық есептілігі дегеніміз - салық төлеушінің Салық Кодексінде белгіленген тәртіпке сәйкес салық қызметі органдарына табыс етілетін, салық төлеуші туралы, салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы, сондай-ақ салық міндеттемелерін, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды есептеу туралы мәліметтерді қамтитын құжаты.

Салық есептілігі салық төлеуші салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша жасауға және табыс етуге жататын салық декларацияларын, есеп-қисаптарды, оларға қосымшаларды, сондай-ақ мониторингке жататын ірі салық төлеушілер табыс ететін мониторинг жөнінде қамтиды есептілікті, импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар

жөніндегі декларацияның, тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішті қамтиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі). 25.12.2017 жыл.
2. Найманбаев С.М. Салықтық құқық (оқу-әдістемелік кешені). Алматы, 2016. 41-47 б
3. Байгісіев М. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу. Алматы: Паритет, 2017. 240 б.
4. Бекболсынова А.С. Салық жүйесінің негіздері , 2017ж. – 51 б.
5. Ермекбаева Б. Ж. Салықтық жоспарлау және бақылау: [жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы] Алматы, 2018. – 130 б